

Ұлттық, мемлекеттік холдингтік және акционерлік компанияларды қайта ұйымдастыру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсан N 1725

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, жекешелендіру процесіндегі бәсекелестік пен оны жеделдетуді дамыту мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің нормативтік актілерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) сәйкес келтіру қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Ұлттық, мемлекеттік холдингтік және акционерлік компанияларының акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары негізінде берілген 1 қосымшаға сәйкес мемлекеттік мүлікті иеленуге, пайдалануға және басқаруға берілген құқығы тоқтатылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сату үшін, сырттай басқаруға тиісті компаниялардың басқаруына берілген, құқықтары тоқтатылған акциялардан басқасы Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілсін;

осы компаниялардың борыштары мен міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, құқықтық мұрагерлерін айқындасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің 2 қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
14 желтоқсандағы
N 1725 қаулысына
1 қосымша

Акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері

мен мемлекеттік мүліктерін иеленуге, пайдалануға және
басқаруға берілген құқығы тоқтатылатын ұлттық, мемлекеттік
холдингтік және акционерлік компанияларының
Т І З Б Е С І

"Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясы
"Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Ақсұңқар" мемлекеттік холдинг компаниясы
"ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Қуат" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Қазболат-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Казэнергостроймонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясы
"Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
14 желтоқсандағы
N 1725 қаулысына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күші жойылған кейбір шешімдерінің
Т І З Б Е С І

1. "Жергілікті өнеркәсіпте "Зергер" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру
туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 тамыздағы
N 736 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 33, 384-құжат).

2. "Қуат" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 31 тамыздағы N 749 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 34, 392-құжат).

3. "Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 786 қаулысы.

4. "Қуат" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 791 қаулысы.

5. "Металлургремонт-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 793 қаулысы.

6. "Казсталь-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 794 қаулысы.

7. "Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 795 қаулысы.

8. "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 796 қаулысы.

9. "Казэнергостроймонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 814 қаулысы.

10. "Зергер" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 817 қаулысы.

11. "Мұнайгазқұрылыс" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қыркүйектегі N 839 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 36, 414-құжат).

12. "Қазақстан түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 858 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 37, 428-құжат).

13. "Казэнергостроймонтаж" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 863 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 37, 431-құжат).

14. "Қазболат-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 903 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 449-құжат).

15. "Алтай-ТМ" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 904 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 450-құжат).

16. "ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 906 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 452-құжат).

17. "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 907 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 453-құжат).

18. "Металлургжөндеу-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 908 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 454-құжат).

19. "ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қыркүйектегі N 1051 қаулысы.

20. "Қазақстан Түсті металдары" ұлттық акционерлік компаниясының президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1101 қаулысы.

21. "Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдингтік және акционерлік компаниялары Байқаушы кеңестерінің құрамындағы өзгертулер туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 13 сәуірдегі N 382 қаулысының 1-тармағындағы төртінші, жетінші, он екінші, он төртінші және он алтыншы абзацтарды және 2-тармағындағы екінші, төртінші, жетінші, он үшінші және он бесінші абзацтары.